



Ақмешіт

7 тамыз
сенбі
№62 (1764)
2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

19 миллионға жеттік!

Қазақстандықтарға апта басы жағымды жаңалықпен басталды. Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы елдегі халық саны 19 миллионға жеткенін айтып, жағымды мәлімет таратты. Кейін белгілі болғандай, 2021 жылдың 20 маусымында дүниеге келген алматылық Жәния Азаматқызы есімді нәресте Тәуелсіз Қазақстанның 19 миллионшы тұрғыны атанды.

Мұндай қуанышты хабарды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та назардан тыс қалдырмай, «Twitter» әлеуметтік желісі арқылы нәресте мен оның ата-анасына тілегін білдірді:

«Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Қазақстан халқының саны тарихи межеге жетті. Алматы облысында дүниеге келген Жәния Азаматқызы еліміздің он тоғыз миллионшы азаматы ретінде тіркелді.

Жәния – отбасында төртінші бала. Ата-анасы мен қазақстандықтарды осы қуанышпен құттықтаймын. Бауы берік болсын», – деді Президент.

Сонымен қатар он тоғыз миллионшы тұрғынның ата-анасы Алматы облысының әкімі Амандық Баталов арнайы құттықтап, әкімнің құттықтау хаты мен 1 миллион теңгенің сертификатын тарту етті.

«Ақмешіт-ақпарат»

#qazaqstan30



ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы құрылыс саласы қарқын алып, жаңа даму кезеңге аяқ басты. 30 жыл шеңберінде шығыстың дәстүрлі көзқарасы мен батыстың архитектуралық шешімін үйлестірген қаншама нысан бой көтеріп, экономикалық ілгерілеуге жол ашқан еді. Оған қоса Арқа төсіне жаңа астананы қалыптастыру, аймақтарда бизнес орталықтар тұрғызу, мектеп пен ауруханалар санын арттыру арқылы мемлекет теңдессіз тәжірибе жинап, ел аумағын зәулім ғимараттармен толтыруға мүмкіндік алды. Әрине, бұл бағытта жұмсалған қаржы мен төккен тердің есебі миллиардтарды құрайды. Алайда шығынның бәрі жаңа Қазақстанның сәулеттік бейнесін қалыптастыруға жұмсалғаны анық. Осы орайда тамыздың екінші жексенбісі – құрылысшылар күні мерекесі

қарсаңында аймақтың құрылыс саласында қол жеткізген жетістігін саралап көрейік.

Қызылорда облысының 30 жылда қол жеткізген қарқынды құрылысы аз емес. Аймақтың әр тарапында бой көтерген әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды қоспағанда, Қызылорда қаласындағы соңғы бесжылдықта жүзеге асқан Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру идеясының өзі неге тұрады?! Оған қоса көптеген тұрғын үй, денсаулық сақтау, білім беру нысандары бой көтеріп, облыстың даму динамикасына оң өзгеріс тигізді. Әсіресе, ауыл аймақты жалғайтын көпір құрылысы шалғайдағы елді мекен тұрғындарын қуанышқа бөлеп, ауылдардың қайта жандануына сеп болғаны жасырын емес.

3 БЕТТЕ

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті құрылысшылар! Қадірлі сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – ежелден сұранысқа ие болып, бүгінгің өзінде маңызы артқан мамандықтардың бірі. Олай дейтінім, айналамызда құрылысшылар қолының ізі қалмаған нысандар кемде-кем. Өздеріңіз жақсы білесіздер, құрылыс саласы экономикасы дамыған елде ғана қарқын алады. Бұл – нарықтың бұлжымас заңдылықтарының бірі. Бүгінде әлемдік қаржы дағдарысына қарамастан еліміздің қай түкпіріне барсаңыз да жаңадан салынып жатқан нысандарды көреміз. Демек мемлекет экономикасының тұрақты даму үстінде екенін білдіртсе керек.

Міне, бұл үрдістен Сыр шаһарында да жыл өткен сайын жанданып, салынатын құрылыстар қатары көбейіп келеді.

Былғыз жылдың өзінде білім, мәдениет, денсаулық сақтау, тұрғын үй, жол және коммуналдық салаларда ағымдағы және күрделі құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жаңадан бой көтеріп жатқан нысандар да жетерлік. Жеке кәсіпкерлердің қаржысымен салынатын ғимараттар саны жылдан-жылға артауда.

Бұлардың барлығы – өңіріміздегі құрылыс қолды құрылысшылар ісінің жемісі. Сондықтан, Қызылорда қаласының түрленіп, архитектуралық сәулетінің көркеюі жолында талмай еңбек етіп жатқан барша сала мамандарына ризашылығымды білдіремін.

Құрметті құрылысшылар!

Сіздерге көрсетілген құрмет те, айтылар алғыс та шексіз! Құрылыс саласының барлық қызметкерлері мен ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, халық жадында қалар ілкімді істеріңізге толайым табыс, кәсіби жетістіктер тілеймін!

Қызылорда қаласының әкімі
Ғанибек ҚАЗАНТАЕВ



ОҢТҮСТІК ЕУРОПАДА ӨРТ ӨРШІП ТҮР

Түркиядағы алапат өрт әлемдік тік тұрғызып, көпшілікті алаңдатқаны рас. Тіссіз жау орман-тоғайды отқа орағанымен қоймай, адам шығынын да әкелді. Бұл оқиғаға байланысты өзге елдер сақтық шараларын да күшейтті. Дегенмен отқа оранған ел қатарында Түркия ғана емес. Осыған байланысты Крис Лиакос, Лаура Смит-Спарк пен Исил Саринс CNN арнасында «Континентте ауа-райының өзгеруіне байланысты Оңтүстік Еуропаны аптап ыстық жайлауда», – деген тақырыпта бағдарлама әзірледі.



Арнаның ресми сайтында жазылғандай, сәрсенбіде Грекияда ауа райы 47,1 градусты көрсетіп, Оңтүстік Еуропада аптап ыстық пен орман өрті басталған. Мұндай антирекорд Грекияда соңғы онжылдықта алғаш рет кездесіп, мемлекет өртен күресуді және төтенше жағдайға дайындықты күшейткен.

Аптап ыстық туралы ескерту Босния мен Герцоговина, Болгария, Италия, Румыния, Сербия мен Түркияда да жарияланған. Ал Түркиядағы өртен өрт бірнеше орманды алқапты жаулап, туристер елдеріне қайтқан.

Ал Афина тұрғындарына үйден шықпау керектігі және терезені ашпай, лас ауадан сақтану жайлы ескерту берілген. Бұған қаланың солтүстігіндегі өрт себеп болып отыр. Грекияның өрт сөндіру қызметі соңғы 24 сағатта 78 орман өрті туралы хабар түскенін мәлімдеген. Оның басым бөлігі ел астанасының солтүстік-шығысында орналасқан Эвия аралында орын алған.

Ал Түркия еліндегі жағдай аса қиын. Түркияның «Anadolu» мемлекеттік ақпарат агенттігінің хабарлауынша, Мугла мен Анталья аймағында орын алған өрт салдарынан шамамен 8 адам көз жұмған. Төтенше жағдай өткен аптада Испания, Грекия мен Сардиниядағы орман өртінен кейін бір аптадан соң басталды.

Әлемдік мамандардың айтуынша, Бельгия, Нидерландия мен Германиядағы су тасқыны, Канада мен АҚШ-тағы аптап ыстық пен орман өрті климаттың өзгеруінен орын алып отыр. Оңтүстік Еуропада құрғақтылық пен ыстық жағдайды ушықтыруда. Орман қорғау органдары бұл аймақ континенттегі климаттың өзгеруіне көбірек тап болғанын хабарлауда.

Арнаның сипотиктері бұл ыстық демалыс күндеріне дейін созылатынын мәлімдеп, Грекия мен Түркияда сәрсенбі күні ауа температурасы тағы 10 градусқа көтеріледі деп күтілуде.

Коперниктің атмосфералық мониторинг қызметі апта басында Жерорта теңізінің аумағы орман өртінің ошағана айналғанын және соның салдарынан ауа сапасы нашарлағанын айтты. «Түркия мен Италияның оңтүстігіндегі өрт салдарынан ауа сапасы күрт нашарлағаны белгілі болды. Сондай-ақ өрт Марокко, Албания, Грекия, Солтүстік Македония мен Ливан елдеріне тарауда», – деп мәлімдеді.

Грекияда мұндай аптап ыстық соңғы рет 1977 жылы болған. Ал Грекияның метеорология қызметі орман өртінің әлі де болса қауіпті екенін хабарлады. «Жанар-жағармай қалдықтарының жағымсыз деңгейі жоғары дәрежеге жетті. Сондықтан қандай да отты жаққанда аса сақ болу керек», – делінген хабарламада.

Жауапты органдардың айтуынша, Афинаға жақын жердегі орман өртінің алдын алу жұмыстары жоспарға сай жүріп жатқанымен, алдағы уақытта өрт ошуы мүмкін. Мемлекеттің премьер-министрі Кириакос Мицотакис орман өртінің алдын алу уақытылы жүргізілгенін айтып, дегенмен халықты кез келген уақытта төтенше жағдайға дайын болуға шақырды.

Сейсенбіде өрт сөндіру қызметі Варимопли, Адамес пен Фракемакесон аймақтарынан халықты эвакуациялаған. «Жұмыс қиындады, ал біз жұмыс істеп жатқан аймақ аса қауіпті. Соңғы күндері біздің мемлекет соңғы 40 жылда болмаған климаттық апатты бастан кешіруде», – деді азаматтық қорғаныс министрінің орынбасары Никос Хардалиас. Ол сондай-ақ арна тілшілеріне өрт салдарынан 76 тұрғын үй мен 27 кәсіпорын зардап шеккенін, 70-тен астам адам респираторлық аурумен емханаға жатқызылғанын мәлімдеген.

Еуропалық комиссия тәулік бойы өртті сөндіруге жұмылдырғандарға көмекті біріншілікпен ұсынып жатыр. Алдағы уақытта Франциядан Италияның зардап шеккен аймағына өрт сөндіру ұшағы жіберілсе, Кипрдің екі ұшағы Грекияға көмекке жұмылдырылса, Нидерландия мен Чехия Албанияға тікұшақтар жіберсе, Словения 45 өрт сөндіру қолігін Солтүстік Македонияға аттандырған.

Бұл туралы Еуропалық комиссияның президенті өзінің «Twitter» парақшасында хабарлады. «Еуропалық ынтымақтастық бұл алпауыт өртті өшіру үшін жұмыс істейді. Біз біргеміз!», – деп жазды ол.

Жалпы бұл өрт салдарынан Солтүстік Македонияның Кочани қаласындағы тұрғындар эвакуациялануға мәжбүр. Ал Албанияда өрт 120-дан астам орманды алқапты жалмап үлгерген. Италияда он мың гектардан астам орман өртеніп, жануарлар зардап шегіп, қоршаған ортаға миллиондаған евро зардап алып келген.

Түркияның ауылшаруашылық министрі Бекир Пакдемирлі сейсенбіден бастап 6 провинцияда 11 өрт сөндіру жұмысы жүріп жатқанын хабарлады. Ал соңғы 6 күнде 152 өрт ошағы ауыздықталған. Мемлекеттік басқарулы баспасөз жиынында ол аймақта ауа-райы 43,5 градуска көтерілгенін, ал ылғалдылық тек қана 10 пайызды құрағанын және желдің күші 60 шақырым сағатқа жеткенін хабарлады.

Ең қауіптісі, қазіргі кезде өрттің электр стансасына жақындап қалғаны. Министр мүмкін болса тез арада өрт сөндіруші ұшақтарды жылу электр стансасы аумағына қарай жұмылдыруды сұрады.

4 БЕТТЕ

САУАЛНАМА



ӘКІМДЕР НЕ ДЕЙДІ?

Күнтізбе парағының жартысынан көбін қайырдық. Яғни бір жылдың тең жартысынан асқанымызға да айдаң асытты. Әрбір адам әр күніне есеі береті деп есептесек, «Бір ауылдың жүгін арқалаған ауыл әкімдері жарты жылда не бітірді?» деген сұраққа жауап іздеу заңдылық. Осы орайда қалаға қарасты кент және ауылдық округ әкімдері арасында сауалнама жүргіздік...

1. Жарты жылдың жетістігі қандай?
2. Алты айда шешімін таппаған мәселе?
3. Ауылдағы кәсіптің қарқыны?

2 БЕТТЕ

СПОРТ

ТОКИО-2020: ҚОС БОКСШЫ ҚОРЖЫНҒА ҚОЛА САЛДЫ



Төрткүл дүние назарындағы Олимпиада ойындары өз мәресіне жетуге жақын. Әлем спортшылары бәсекеге түскен бұл жарыста әр мемлекет өзінің ең мықты деген спортшыларын алып келді. Жарыста спортшылары шаршы алаңда шеберлік көрсетіп жүрген ел қатарында Қазақстан да бар. Дегенмен отандық спортшыларымыз тек III орынды місе тұтуда. Ұлттық құраманың қоржынында әзірге 5 қола медаль бар. Оның иелері дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло және былғары қолғап шеберлері Қамшыбек Қонжабаев пен Сәкен Бибосынов.

4 БЕТТЕ



ДЕНСАУЛЫҚ

COVID-19: АХУАЛ ӘЛІ ДЕ КҮРДЕЛІ

4 тамыздағы дерек бойынша Қызылорда облысында бір тәулікте 205 коронавирус инфекциясын жұқтыру жағдайы тіркелген. Олардың 141-і Қызылорда қаласынан болса, қалғаны аудандарда. Сонымен қатар тіркелген 205 жағдайдың 148-інен ауру белгілері байқалса, 57-і вирусты симптомсыз өткеруде.

Жұқтырғандардың ішінде 69 адам инфекциялық стационарларға жатқызылып, облыс бойынша стационарда ем алып жатқан науқастар саны 1277 адамды құрап, жүктеме 65 процентке жетті. Сондай-ақ жаңа 205 жағдайдың 175-і жаңа ошақ деп танылса, 30 адам вирусты қарым-қатынас арқылы жұқтырды деп белгіленген. Осылайша, аймақта 2020 жылдан бері коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 11 354 адамға жетті.

Қазіргі таңда эпидемиологиялық маусым басталғалы індеттен жа-



зылып шыққандар саны 8592 адамды, яғни 76 процентті ғана құрап отыр. Ал 4 тамызда індеттен 99 адамнан жазылып шыққан.

Өңірде реанимациялық стационарда жатқан науқастар саны да өсті. Бүгінгі таңда жансақтау бөліміне 89 науқас жатқызылып, жүктемесі 61 процентті құрап отыр.

Аймақтағы вакциналау науқаны да қарқынды жүргізіліп келеді. Мәселен, 4 тамыз күні облыстың 1536 тұрғыны коронавирусқа қарсы екпенің алғашқы компонентін алған. Көбінесе халық

ресейлік «Спутник V» вакцинасын салдыруда. Мысалы, бір тәулікте 1380 адам ресейлік вакцинаның I компонентін салдырған. Осылайша коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаның алғашқы компонентін алғандар саны барлығы – 226 769 адамды құрады.

Ал облысқа 1 ақпан мен 4 тамыз аралығында барлығы 228 335 доза вакцинаның II компоненті жеткізілген. Алайда екі компонентті толықтай алған адамдар саны 164 199. Қалғаны бас мемлекеттік санитардың қаулысына және басқа да себепке байланысты II компонентті салдырмаған.

А.ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

ҚАЛА ӘКІМДІГІНДЕ

Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаевтың төрағалығымен аппараттық мәжіліс өтті. Шаһар басшысы күн тәртібіндегі негізгі мәселелерді талқыламақ бұрын кадрлық өзгерістерге тоқталды. Қызылорда қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайланған Тәуіпбаев Сұлтанбек Тәуіпбайұлын және жаңа қызметке тағайындалған қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Рысбек Абзал Рысбекұлын таныстырып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

ҚАРБАЛАСҚА ТОЛЫ ҚАЛА ТІРШІЛІГІНДЕ ТҮЙТКІЛ БОЛМАУЫ ТИІС

ОЛАРҒА ҚОЛАЙСЫЗ БОЛМАСЫН

Мәжілістің күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін жүргізілген жұмыстар мен алдағы міндеттері жайы талқыланды. Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы К.Құрақбаева биыл мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қолдау бағытында қала бойынша мүгедектігі бар адамдарды жеке көмекшілердің, ымдау тілі мамандарының әлеуметтік қызметтерімен және оналтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етуге басымдық берілгенін айтты.

Бөлім басшысының баяндауына, қалада 10355 мүгедектігі бар адамдар тұрады. «Мүгедектігі бар адамдарды оналтудың жеке бағдарламасын орындау» мақсатында олар оналтудың техникалық көмекші құралдармен және арнаулы жүріп тұру құралдарымен қамтылуда. Әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді алушылар мен жеткізушілердің тікелей өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылдан бастап «Әлеуметтік қызметтер» порталымен жұмыс жүргізілуде. Бірінші цифрлық алаңда мүгедектігі бар адамдарға жеке қажеттіліктері ескеріле отырып, қызметтер мен оналту құралдарын интернет жүйесіне қосылған құрылыммен aqumet.egov.kz сілтемесі арқылы өз бетінше таңдау мүмкіндігі берілген. Биылдан бастап жеке көмекшінің қызметтерін көрсету «aqumet.egov.kz» порталы арқылы жүзеге асырылып 900 жеке көмекшіге қызметкісі төленіп келеді. Сондай-ақ әлеуметтік қызметтер порталына тіркелген 15 ымдау тілі маманы естуі бойынша мүгедектігі бар 135 адамға ымдау тілінде қосын аударма жасау қызметтерін көрсетеді. Жыл басынан бері әлеуметтік қызметтер порталы арқылы санаторлы-курорттық емделуге 1395 мүгедектігі бар адамнан өтініштер қабылданып, мүмкіндігі шектеулі жандар өз таңдаулары бойынша баруда. Мүгедектігі бар тұрғындар үшін бүгінгі күнге қала бойынша барлығы 13 автокөлікпен, 8 жеңіл автокөлік (арендалық), арнайы жабдықталған 3 «инватакси» және 2 газель көлігімен қызмет көрсетеді. «Инватакси» қызметі мүгедектердің өтініштеріне сәйкес

олардың жұмыс орны, оқу орны, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, әлеуметтік сала нысандары, медициналық мекемелер, әуежай немесе темір жол вокзалдары, автовокзалдар мен арнайы әлеуметтік көмек көрсететін ұйымдарға барғанда көрсетіледі. Сондай-ақ мүгедектігі бар балалардың тең дәрежеде білім алуға құқығын қамтамасыз ету мақсатында бөлім бірнеше жылдан бері психоневрологиялық ауытқуы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды оналту және тәрбиелеу бағытында «Алтай-Бөбек» қоғамдық қорымен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында тығыз жұмыс жасауда.

Қала әкімі жауаптыларға мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы ортаны қалыптастыру бағытында қаладағы барлық ғимараттарды, оның ішінде қызмет көрсететін мекемелерге арнайы тексеру жүргізіп, кемшіліктерді қалпына келтіруді нықтап тапсырды.

ЖАС КЕЛСЕ ІСКЕ!

Мәжілісте қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы П.Жанбергенов жастар саясаты саласындағы негізгі көрсеткіштер мен жастарды қолдау бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндады. Жалпы қала халқының 19,5 процентін құрайтын 14 пен 29 жас аралығындағы 63204 жас бар. Мұнан бөлек, қала орталығындағы жоғарғы және орта арнаулы оқу орындарынан 24544 студент жас білім алууда. Өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын дамыту мақсатында 7 әлеуметтік жоба әзірленіп, мемлекеттік сатып алу негізінде жастар ұйымдары арқылы тиісті жұмыстар жасалуда. Қызылорда қаласында өз кәсібін ашығы келетін жастар қатары жыл сайын артып келеді. Бүгінде облыс орталығында 3418 жас кәсіпкерлер жұмыс жасауда. Оның ішінде кент және ауылдық округтерде 300 жас кәсіпкерлер өз кәсібін жүргізіп отыр. «Бизнесің жол картасы 2020» бизнесі қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында бүгінгі таңда жас кәсіпкерлер тарапынан жоба құны 186,6 млн теңгені құрайтын 33 жоба қолдау алған. Сондай-ақ жана бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік гранттар беру бағыты бойынша биыл 81 млн теңге бөлінуде. Оның ішінде 70 млн теңге қаржы 18-29 жас аралығындағы жастарға тиесілі.

Жастар саясаты саласындағы басты мәселелердің бірі – маргинал және NEET санатындағы жастар. Мәселені шешудің негізгі жолы NEET санатындағы жастарды жұмыспен және кәсіппен қамту болып табылады. Облыстық статистика департаментінің мәліметінше, жыл басынан бері 2106 жас жұмыссыз ретінде тіркелсе, оның ішінде 929 жас тұрақты жұмысқа орналасқан. 397 жас «Жастар тәжірибесіне», 935 жас қоғамдық жұмысқа, 90 жас әлеуметтік жұмыс орындарына жолданып, оның ішінен жалпы 266 жас тұрақты жұмысқа орналасқан. Ауылдық елді мекендерде және шағын қалаларда микробизнес ашу, ісін жана бастаған 9 жас азаматқа несие берілген. 112 жас азаматқа өз кәсіптерін дамытуға мемлекеттік гранттар берілсе «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқуға 185 жас жолданып, 78 жас оқу курсы аяқтаған. Биыл жұмыссыз азаматтардың ішінен 35 адамды еңбек нарығының сұранысына сәйкес бекітілген 5 мамандық бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту жоспарланып, бұл бағытта «NEET» санатындағы жастар да тартылатын болады.

Қала әкімі Ғанибек Қазантаев бөлім басшысына жазғы демалыс кезеңінде жастардың, оның ішінде жоғарғы сынып оқушылары мен студенттердің бос уақытын тиімді пайдалану бағытында нақты жұмыстарды ұйымдастыруды және қала бойынша «NEET» санатындағы жастардың арнайы дереккөзін жинақтауды, сондай-ақ қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтардың хал актілерін тіркеу бөлімімен бірлесіп, жұмыссыз, оның ішінде «Серпін» бағдарламасымен және Ресей Федерациясы жоғарғы оқу орындарын бітіріп келген жастарды жұмысқа орналастыру бағытында тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

ҚАЛА ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша қаланың алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстарын ұйымдастыру жөнінде қала әкімінің өкімімен қалалық штаб құрылып, бүгінгі таңда дайындық жұмыстары жүзіліп тұрды. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Б.Далабаев жылу маусымына дайындық жұмыстарының жоспарлы

түрде бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатқанын хабарлады. Жалпы қала бойынша барлығы 815 көпқабатты тұрғын үйлер бар. Оның ішінде 711 орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, 104 үй автономдық блокты модульдік қазандықтар арқылы жылытылады. Қаладағы көпқабатты тұрғын үйлерді жылумен үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында 4 серіктестік және 13 пәтер иелері кооперативтері тиісті жұмыстарын атқаруда. Қазіргі таңда көпқабатты тұрғын үйлердегі ақауларды ретке келтіру, өжіре ішіндегі тозығы жеткен жылу құбырларын және вентиляторлар ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар бөлім тарапынан көпқабатты тұрғын үйлердің дайындық барысына зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде қала бойынша проблемалық көпқабатты тұрғын үйлер анықталды. Ақау анықталған көпқабатты тұрғын үйлер бойынша тиісті жұмыстар атқарылып, барлық үйлердің пәтерілік жөндеу жұмыстары жылу маусымына дейін толық аяқталып, уақытылы қосылатын болады. Қаланы қатты отын қорымен қамтамасыз ету бойынша көмір тасымалдаушы жеке кәсіпкерлер ЖК «БЕК», ЖК «Қарымсақов», «Олжас-2005» ЖШС-і және «ТЭК Қазақстан» ЖШС-і айналысуда. Биылғы жылу беру маусымы кезеңінде қалаға қажетті қатты отын көлемі шамамен 37 000 тоннаға құрайды. Бүгінгі таңда тұрғындарға қажетті көмірдің 7 мың тоннасы жеткізілді.

Бұл ретте шаһар басшысы жауапты мамандарға барлық әлеуметтік нысандарды резервтік автономды электр қондырғыларымен қамтамасыз ету, мемлекеттік бағдарлама бойынша жүргізіліп жатқан жобалардың мерзімінде және сапалы аяқталуын қатаң бақылауға алып, қала аумағындағы әлеуметтік нысандардың жылу маусымына дайындығы бойынша тиісті жұмыстарды үйлестіріп, қадағалау сынды бірнеше тапсырмалар жүктелді. Сонымен бірге қатты және сұйық отынның тұрғындарға деділасыз, тікелей отын тасымалдаушы кәсіпкерлерден жеткізілуін және елді мекендерге де қатты отын тапшылығы орын алмауын қатаң бақылауға алу керек екенін ескертті.

Мәжіліс сонында қала әкімі сала басшыларына жүктелген тапсырмаларды тиімді орындап, жүйелі әрі қарқынды жұмыс істеуді тапсырып, барлығы тікелей өз бақылауында болатындығын тектізді.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТАҒАЙЫНДАУ



2021 жылғы 3 тамыздан бастап Рысбек Абзал Рысбекұлы қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы лауазымына тағайындалды. Абзал Рысбекұлы 1984 жылы дүниеге келген. Жоғары білімді.

2006 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Тарих, құқық және экономика негіздері», 2013 жылы Қазақ-Қытай академиясының «Экономика және бизнес» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2008 жылы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жетекші маман ретінде бастаған.

2013-2016 жылдары қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің жетекші маманы;

2016-2019 жылдары қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің сектор меңгерушісі;

2019 жылдан осы кезге дейін аталған бөлімде бөлім басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қызылорда облысы әкімінің 2021 жылғы 12 мамырдағы келісім хаты негізінде «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен «Қалалық тұрғын үй инспекциясы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2021 жылдың 28 маусымынан бастап бөлу жолымен қайта құрылды.

Аталған мекеме тұрғын үй шаруашылығындағы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлігін қорғуды жөндеудің жеделген түрлері бойынша орындардың жұмыстың сапасына мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын болады.



Қызылорда қаласы әкімінің өкімімен 2021 жылғы 5 тамыздан бастап Омаров Бекмурат Тәліпұлы қалалық жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды.

Бекмурат Тәліпұлы 1976 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Жоғары білімді. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жерді үйлестіруші инженер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы Қызылорда облыстық жерді қорғау және пайдалануына бақылау жасау жөніндегі инспекциясының жетекші маманы қызметінен бастаған.

1997-1998 жылдары Қызылорда облыстық жер ресурстарын басқару комитетінің бас маманы;

1998-1999 жылдары Қызылорда мемлекеттік жер инспекциясының жетекші маманы;

1992-2002 жылдары Қызылорда облыстық жерді қорғау және бақылау жасау жөніндегі инспекциясының бас маманы;

2003-2004 жылдары Қызылорда мемлекеттік еншілес кәсіпорны ҒӨО-ның Сырдария жер-қаздырлық филиалының инженері;

2004-2006 жылдары Қызылорда облыстық жер ресурстарын басқару басқармасының Сырдария аудандық жер ресурстары бөлімінің жетекші маманы, бас маманы;

2006-2011 жылдары Сырдария аудандық жер қатынастары бөлімінің жетекші маманы, бас маманы;

2011 жылдың қаңтар айынан бастап осы кезге дейін Сырдария аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

ӘКІМДЕР НЕ ДЕЙДІ?

Сәкен Әбдіжаппар, Қызылөк ауылдық округі әкімі

«АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІ ТОЛЫҚ ШЕШІЛДІ»

1. Биыл ауылдық округтің бюджеті 67 млн 740 мың теңгені құрап отыр. Ал жергілікті салық түсімі 5 млн 804 мың теңгеге жоспарланып, есепті мерзімде 5 млн 546 мың теңге салық жиналды.

Бүгінде Қызылөкте коммуналдық сала бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында бөлінген 4 млн теңге қаражатқа Айнақол және Ш.Ибраева көшелерінің жалғасына түнгі жарық бағаналары орнатылды. Елді мекендердегі барлығы 19,4 шақырымды құрайтын 18 көшенің 9 көшесіне орташа жөндеу, 4 көшеге ағымдағы жөндеу және кіре беріс жолдарға орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі кезде 5 көшені орташа жөндеу жұмыстарына жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, бюджеттік өтімге ұсынылды. Қараөзек және Айнақол елді мекендерінде 2013-2014 жылдары «Ақбулақ» бағдарламасы аясында ауыз су жүйесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген болса, Қараөзек стансасында 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында жаңадан ауыз су желісі мен ауыз су қоймасы салынып, ауылдық округте ауыз сумен қамту мәселесі толық шешімін тапты. Дегенмен биыл аяқ су тапшылығы орын алды. Осыған орай ауыл әкімі аппаратының теңгерімдегі СНП-500/10 маркалы насосты қондырғысы «Қараөзек» дариясына орнатылды. Қазіргі уақытта Қараөзек елді мекеніне аяқ су тұрақты беріледу. Сонымен қатар демеушілер есебінен жерасты суын пайдаланып, орталық көшеге аяқ су беретін 2 дана баспа құдық орнатылды. Ал Айнақол ауылы тұрғындарының өтінішіне сәйкес, қала әкімдігінен бөлінген жана СНП-500/10 дизельдік насос қондырғысы Сырдария өзеніне құрылып, Сауранбай каналы арқылы Айнақол ауылына аяқ су беріліп отыр.

2. Қызылөк ауылдық округінде алдағы уақытта әлі де талай іс атқарылмақ. Ауыл көшелерін жөндеу өз кезегінде жалғасын таба бермек. Сондай-ақ округке кіре беріс жол бойында орналасқан «Қожак» автомобиль көпірінде апаттық жағдай қалыптасуына байланысты өткен жылы көпірді күрделі жөндеу жұмысының жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге 5 млн 211 мың теңге қаражат қаралған болатын. Соған сәйкес жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізіліп, үстеміздегі жылы аталған көпірді күрделі жөндеу жұмысына бюджеттен тиісті қаражат бөлу жөнінде бюджеттік өтім ұсынылды. Сонымен бірге Қызылөк ауылдық округінің спорттық жаттығу алаңының құрылысын салу мақсатында 6 млн 996 мың теңге бөлу жөнінде қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне бюджеттік өтім ұсынылып, қаражат бөлінуі күтілуде.

3. Ауылдық округ тұрғындарына шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру, қолдау көрсету арқылы кәсіпкерлікке бет бұрған тұрғындар саны жыл санап артып келеді. Жыл басынан бері 5 азамат кәсібін бастап, бүгінде барлық тіркелген кәсіпкерлік нысандары 136-ны құрап отыр. Оның ішінде 1 ЖШС тігін тігумен, 3 шаруа ауылшаруашылығы өндірістік кооперативтері егін шаруашылығымен, 34 шаруа қожалығы мал шаруашылығымен, 98 жеке кәсіпкерлер сауда-саттық, тасымал, мал бордақылау, асхана, моңша, шаштараз және басқа да әртүрлі кәсіппен айналысуда. Елді мекендерде кәсіпкерлікті дамыту бағытында атқарылған жұмыстардың қоғамдық рейтингісін анықтау ережесіне сәйкес, «Жаңа жұмыс орындарын ашу бағытында осу динамикасына қол жеткізгені үшін» деген арнайы марапатқа Қызылөк ауыл әкімі екі жыл қатарынан ие болып келеді.

Басы 1-бетте



Мәмбетәлі Ақырзаев, Ақсуат ауылдық округінің әкімі

«АҚСУАТҚА ГАЗ КЕЛЕДІ»

1. Қазіргі кезде Ақсуат ауылдық округінің сегіз мыңнан астам тұрғыны бар. Оның басым көпшілігі Ж.Махамбетов ауылында тұрады. Сондай-ақ жыл өткен сайын «Наурыз» шағын ауданы да кеңейіп жатыр.

Келеді. Бүгінде ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтып, округтегі жұмыссыздық мәселесін жою басты орында. Жыл басынан бері тұрақты жұмысқа 40, ақпалы қоғамдық жұмысқа 42, әлеуметтік жұмысқа 10 адам орналасты. Ауылда келеді жұмыстар қарқынды жүзеге асуда. Атап айтсақ, 2019 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген 120 орындық «Асыл-Ай» бөбекжайына 2020 жылы жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді. Оған балабақшаға қажетті құрал-жабдықтар мен жиналдар сатып алынды. Сөйтіп жыл басында аталған нысан пайдалануға беріліп жұмыс істеуде. Үстеміздегі жылы ауыл орталығынан спорт кешені құрылысына жер белгіленіп, «Samruk – Kazyna Trust» корпоративтік қоры тиісті жобалдағы спорт кешені құрылысын салуды жоспарлауда. Ережше аяға кететін жайт биыл ауыл орталығында орналасқан «Әлі Арыстан» мешіті 300 орындыққа кеңейтіліп салынып, жанынан қосымша балалар білім алатын 30 орындық медресе мен 300 орындық асхана ғимараты құрылысы аяқталды.

2. Бүгінде ауылда «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету – басты мақсат. Биыл округті табиғи газбен қамту мақсатында құрылысын бастауға 500 млн теңге бөлінді. Осылайша Ж.Махамбетов ауылына дейін жоғары қысымды газ құбырын, Ж.Махамбетов және «Наурыз» шағын ауданына орамшілік газ құбырларын салу 2021-2022 жылдарға жоспарлануда. Сондай-ақ, бүгінде елді мекеннен жаңадан бой көтерген шеткі көшелерге орналасқан үйлерге қосымша электр желілерін тарту мақсатында 20,842 шақырым болатын 14 көшеге жалпы құны 2,5 млн теңгеге жоба сметалық құжаттары әзірленді. Сонымен қатар 5 көшені түнгі жарықпен қамту мақсатында жоба сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына өтінім жолданды.

3. Қазіргі кезде ауыл тұрғындары мемлекеттік бағдарламалар арқылы кәсіп ашып, берекелі тірлік етуде. Мемлекеттік шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдауының арқасында округте 322 кәсіпкерлік нысан тіркеліп, бұл көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда 34 кәсіпкерге артты. Сондай-ақ «Бизнесің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 5 млн теңгені құрайтын бір жоба қаржыландырылды. Қазіргі кезде ауылдық округтегі «Алдан», «Қайрат», «Самат» «Тағайбек» және «Әділет» шаруа қожалықтары бірігіп, 305 гектар жерге күріш екті. Сонымен қатар қала мен ауыл тұрғындарын көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ету мақсатында «ҚазАгроМир» ЖШС мекемесі 30 адамды тұрақты жұмыспен қамтып, қиыр егін, жергілікті нарыққа ұсынады.



Нұрсұлтан Алмас, Қызылжарма ауылдық округі әкімінің орынбасары

«ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА ЖАРҚЫРАП КЕЛЕДІ»

1. Қызылжарма қалаға қарасты ауылдық округтер арасында «көгілдір отын» итілігін көріп отырған бірден-бір елді мекен. 2015 жылы ауыл түгелдей газбен қамтылды. 2021 жылдың 6 айында ауылдық округтің бюджеті 4 млн-нан аса қаржыны құрады. Жылдан-жылға ауылда жарық мәселесі де өз шешімін тауып келеді. Атап айтсақ, «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында қаржы бөлініп №26 көшеге тас төселді. Ал жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа көшелерге көрсеткіш (көше атаулары) белгілері орнатылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі кезде округтегі «Новая» көшесіне түнгі жарық бағаналары орнатылуда. Бүгінде қала мен ауыл арасында қоғамдық көліктер үздіксіз, тұрақты түрде қатынап, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетуде. Сондай-ақ тұрғындардың өтінішіне сәйкес елді мекендегі шет аймақтарға да қоғамдық көлік жүргізілуде.

2. Алдағы уақытта Қызылжарма ауылдық округі бойынша жалпы ұзындығы 43,6 шақырымды құрайтын 69 көшеге электр желілерін тарту қажет. Осы мақсатта жоба-сметалық құжаттарын әзірлеуге 19,2 млн теңге қаржыны талап етеді. Себебі ауылдың шет аймағы болып табылатын Қызылжарма 1, 2 тұрғын ауданындағы тұрғындар өз бетінше электр қуатын өздері пайдалануда. Бұл электр желілері төмен әрі белгіленген таланған тым орналасуына байланысты балалар мен тұрғындарға қауіп төндіруде және тұрғындар тарапынан көптеген арыз-шағымдар түседу. Осы аумақтарға талапқа сай электр энергиясы жүргізіле, округтің электр қуаты мәселесі толықтай шешімін табады. Сонымен қатар ауылдағы көшелерді жөндеу мәселесі басты назарда. Мәселен, Мешібаев, Сайлыбаев, Сыздықов, Алимов, №61, №13 көшелеріне орташа жол жөндеу мақсатында жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына ұсынылды. Аталған көшелер округтегі әлеуметтік нысандармен мектепке қарама-қарсы тікелей орналасқан. Сондықтан бұл көшелерді бірінші кезекте жөндеуден өткізу маңызды. Өйткені мектепке оқушылар мен ата-аналардың басым бөлігі осы көшелермен қатынайды. Сондай-ақ ауылға спорт және ойын алаңдарын салу, Р.Бағырбаев 2А көпқабатты тұрғын үйді көріз су желісіне қосу мәселелері де өз кезегін күтіп тұр.

3. Ауылда мемлекеттік бағдарламалар аясында шағын кәсіп ашып, өз ісін дамытып отырған азаматтар жетерлік. Жыл басында 304 кәсіпкерлік нысан тіркелсе, қазіргі кезде 320 бірлікті құрайды. Яғни жаңадан 16 кәсіпкерлік нысан ашылды, 45 адам жұмыспен қамтылды. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жалпы құны 20 млн теңгені құрайтын 2 жоба құжаттары рәсімделуде. Сонымен қатар «Еңбек» бағдарламасы аясында «Микробизнес-Қызылорда өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржылық ұйым» арқылы 36 млн теңгені құрайтын 3 жоба (көлік жуу орталығы және блок шығаратын шөхын ашу мен «Лаваш» өнімдерін шығаратын шөхы) қаржыландырылды күтуде. Сондай-ақ «Байменова» наубайханасы тамыз айында жұмысын бастамақ. Осылайша 6-7 ауыл тұрғынын жұмыспен қамтылмақ.

Сейдуали Әбдіқадыров, Қосшыңырау ауылдық округінің әкімі

«БЕРЕКЕЛІ ІСТІҢ БАСТАУЫ»



1. Қосшыңырау ауылдық округі тұрғындары тарапынан бірнеше жылдан бері көтеріліп келе жатқан өзекті мәселенің бірі – «көгілдір отын» жайы. Биыл осы мақсатта жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, мемлекеттік сараптама қорытындысын алуға облыстық бюджеттен 11 млн 688 мың теңге қаржы қаралды. Бүгінде мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп, мердігер мекеме анықталып, жоба-сметалық құжаттарын әзірлеу жұмыстары басталуда. Абай ауылына қиреберіс жолға үнемделген қаржы есебінен 6 жарық бағанасы орнатылып, іске қосылды. Жыл соңына дейін Досан елді мекеніндегі №1 және №17 көшелеріне жарық бағаналары орнатылмақ.

2. Алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында округ бойынша 5 көшеге, оның ішінде Абай ауылындағы №1, №5, «Қырман» көшесіне және Досан елді мекеніндегі №1, №9Б көшелері

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ

Егемендік алған алғашқы жылдары құрылыс тұрмақ, қара бастың қамымен жан бағып кеткені белгілі. Елдегі енді қалыптасқан экономиканың салдарынан әлеуметтік ахуал нашарлап, қаншама сала тұралап қалды. Аймақтағы көптеген құрылыс нысандары да зардап шегіп, ауқымды бастамалар аяқсыз қалды. Тек еңсе тіктеп, ес жиган 2000 жылдары құрылыс қайта түледі. Бір ғана мысал, Қызылорда қаласындағы 80-жылдардың ортасында басталған «Мерей» шағын ауданының құрылысы 2004 жылы ғана мөресіне жеткен. Сондықтан халықтың тұрмыс деңгейімен тың күш алған құрылыс саласы ғасыр басында өз тиімділігін көрсетті. Тұрғындар да экономиканың оңалғанын тілеп, жаңа бастамаларды талап етті.



ҚҰРЫЛЫС – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ

Осы орайда Елбасы Н.Назарбаевтың қолдауымен аймақ тұрғындарының өміріне тікелей әсер еткен ең ауқымды жобаны айтып кетпеске болмайды. Ол – «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізінің сақтау қалу» жобасы аясында өмірге келген Қоқарал бөгеті. Жоба аясында Ақлақ су тоспасы арқылы Кіші Арал теңізі сақталып, елдің ризық-несібесі артты. Ауданда балық шаруашылығы өркендеп, балықшылар ата кәсібін қайта оралды. Жағалаудағы елді мекендердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы жақсарып, аралдықтар күнкөріс қамымен туған жерден жырақтамайтын болды. Содан бері Арал ауданындағы ата кәсіп жанданып, жаңа технологиялы балық зауыттары жұмыс істеуде. Бүгінде аудан халқы Тұңғыш Президенттің қасиетті Арал өңіріне келіп: «Мен Аралға көмектессем деген арманымға жеткеніме қуаныштымын» деген сөзін әлі күнге ұмытқан емес.

Өзге аудандардың да құрылыстағы аяқ алысы жаман емес. Мәселен, 2018 жыл Шиелі өңірінде ірі өндіріс орнының бірі – тампонажды цемент зауытының құрылысы мерзімінен бұрын аяқталса, «Шалкия» қорғасын-мырыш кен орнында тау-кен байыту комбинатының құрылысы да сәтті жүзеге асты. Денсаулық сақтау саласындағы құрылыс әлеуеті де жаңа деңгейге көтерілді. Соңғы бесжылдықта медициналық-санитарлық көмек көрсету нысандарының 63 проценті жаңарса, 2019 жылы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жеке инвесторлардың қаражаты есебінен тағы да 5 денешынықтыру-сауықтыру кешені салынған.

ТҰРҒЫН ҮЙ – ТҰРҒЫНДАР АХУАЛЫНЫҢ АЙНАСЫ

Жалпы аймақтағы құрылыс қарқынды тұрғын үй санынан аңғаруға болады. Қазіргі таңда Қызылорда облысы тұрғын үй құрылысы жөнінен республикадағы жетекші өңір санатында. Мысалы, 2018 жылы 700 мың шаршы метр үй пайдалануға берілсе, 2019 жылы 813 пәтер пайдалануға берілген. Жалпы облыс орталығында 2013-2020 жылдар аралығында 15 жаңа шағын аудан бой көтергенінің өзі үлкен жетістік.

Осы орайда Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру бастамасын айта кеткен жөн секілді. Себебі соңғы жылдары шаһардағы жаңа тұрғын үй мен түрлі нысандардың басым дені сол жағалауда бой көтеруде. Мамандар алдағы он жылда сол жағалау маңызды экономикалық-әлеуметтік орталық болады деген пікірде. Негізі Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы құрылыс жұмысы 2017 жылы басталды. Сыр өңірінің бас шаһары – Қызылорда қаласының даму жоспарына сәйкес, Сырдария өзенінің сол жағалауын дамыту мақсатында көлемі 1 мың 532 гектар аумаққа заманауи үлгіде жаңа қала салу жобасы қолға алынған еді. Бүгінде жобаның алғашқы бөлігі сәтті жүзеге асып, тұрғын үй қатары молайды.

Алдыңғы сол жағалауды игерудің бастамасы ретінде Сырдария өзенінің екі жағалауын ұштастыратын жаңа автомобиль көпірі іске қосылса, кейіннен маңызды нысандар құрылысы қарқын алды. Мысалы, 2018 жылы сол жағалаудан «Қазақ» атауын қайтару туралы тарихи қаулы қабылдаған бұрынғы Қазақ Орталық Атқару комитеті ғимаратының сызбасы негізінде «Рухани жаңғыру» орталығы ғимараты пайдалануға берілді. Сондай-ақ жаңа қоныстанушыларға

жаулы болу үшін 320 орындық балабақша, «Orda School» мектебі, «Болашақ» университетінің кампусы, IT-парк бар Жастар ресурстық орталығы ел игілігіне берілді.

Алдағы бірнеше жылда мұнда Неке сарайы, дарынды балаларға арналған физика-математика мектеп-интернаты мен жатақханасы, 3500 орындық көпфункционал жабық футбол манежі, музыкалық драма театр, көпсалалы аурухана, сауда-жәрменке кешені секілді көптеген нысан салынбақ.

Сол жалаудың өркендеуіне серпін беретін ауқымды жобаның бір «Шіркейлі» каналы арқылы салынатын көпір құрылысы болды. Был жоба сәтті жүзеге асып, сол жағалауды «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізімен жалғауға мүмкіндік туып, Қызылорда қаласының тарихи орталығынан халықаралық автомагистральға тікелей шығуға жол ашылды.

Жалпы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» бағдарламасы шеңберінде облыста 2158 пәтерлік 105 тұрғын үйдің құрылысын жүргізу жоспарланған. Былдың өзінде жыл соңына дейін 61 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілме.

**Берен ШАҒЫРОВ,
Суретті түсірген
Н.НҰРЖАУБАЙ**

Біздің кейіпкеріміз Сыр өңірінің құрылыс саласында қолтаңбасы бар тәжірибелі құрылысшы – Ерғали Бәкіров. Ол – «Мелиоратор» ЖШС мекемесінің бас инженері. Еңбек адамы осы салада жүрген қаншама құрылысшының ұстазы деуге болады.

ҚОЛЫ АЛТЫН ҚҰРЫЛЫСШЫ



Кейіпкеріміз 1947 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Бүгінде жасы жетпістен асса да осы саланың басы-қасында өз ісінің білгір маманы ретінде жастарға үлгі болып жүр. Еңбек жолын 1966 жылы «Қызылордамелиорация» бірлестігіне қарасты №29 жылжымалы механикаландырылған мастерлікпен бастады. Сол мекемеде бірнеше жыл жұмыс істеп, өндірістік бөлімнің басшысы қызметіне дейін өскен.

Ал 2001 жылдан бастап «Мелиоратор» ЖШС мекемесінің бас инженер қызметін атқарып келеді. Содан бері облыс аумағындағы өнеркәсіптік-азаматтық мелиоративтік және гидротехникалық құрылыс жұмыстарына атсалысып жүр. Атап айтар болсақ, Арал ауданындағы Советжарма арнасы тазаланып кенейтілді. Нәтижесінде көлдердің көлемі бұрынғы қалпына келіп, қазіргі кезде Қамыстыбас көлі демалыс орнына айналды. Сондай-ақ Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін сақтау (САРАТ) жобасының I-кезеңін жүзеге асыруға қатысты.

«Мелиоратор» ЖШС шаруашылық аралық су жүйесін тазалаумен айналысып келеді. Мәселен, 2009-2014 жылы аймақтағы ең үлкен су арнасын жаңғырту жұмысын орындады. Солтүстік және оңтүстік қашыртқыларды жаңғырту жұмыстарын жүргізді. «Таза су» және «Ақбұлақ» бағдарламасын орындау жұмысына қатысып, ауыл-ауылға су жеткізді.

Сонымен бірге қаланың бас су торабы мен тұрғын үйлерге су жеткізу құбырларын толықтай жаңғыртудан өткізді. Ерекше айта кететін жайт – Нұр-Сұлтан қаласында құны 392 млн теңге болатын «Есіл өзенінің арнасын түзету» жобасын жүзеге асырды. Сондай-ақ «Арай» спорттық-сауықтыру жоба құрылысына және т.б. гидромелиоративтік

жоба құрылыстарын салуға қатысып, құрылыстың қарқынды дамуына үлес қосуда. Бүгінде «Ирригациялық және дренаждық жүйелерді жетілдіру жобасының екінші кезеңі шеңберінде «Қызылорда-1» ирригациялық-дренаждық жүйелерді жетілдіру» бойынша халықаралық жоба нысанында инженерлік қызметін атқаруда.

– Қазір жастардың көбі жеңіл, таза қызметті таңдайды. Соның салдарынан жұмыссыз жүргендердің саны басым. Өйтпесе, елімізде құрылыс мамандығын игерем деушілерге зор мүмкіндік бар. Адам мамандық таңдауда қателеспейуі керек. Сонымен қатар мемлекетке, қоғамға пайдасы тиетін кәсіпті игергені жөн. Еліміздің болашағы жастардың қолында. Олар тек ақшасы көп, жеңіл жұмысты таңдайтын болса, онда мемлекеттің дамуына айрықша үлес қосады деп айта алмаймын. Барынша қажетті, сұранысқа ие маман болғаны дұрыс, – дейді кейіпкеріміз.

Қоғамда қанша сала болса, оған қажетті мамандықтар да заман көшімен өзгеріп отырады. Бір кездері көпшілік менсінбей қараған кәсіп түрлері бүгінде үлкен сұранысқа ие. Мәселен, кейіпкеріміз таңдаған құрылыс саласына жастар бара бермейді. Десе де құрылыс мамандығы қашанда сұранысқа ие. Өйткені құрылыс пен сәулет өнері – ең қонға ала қасиетті бірі. Қоғам өзгеріп, дамыған сайын бұл мамандыққа деген қажеттілік те күн санап артып келеді. Себебі өңірдегі кез-келген нысанда, ғимаратта олардың қолтаңбасы қалады. «Мынау мен салған мектеп, мынау мен тұрғызған үй» деп мақтана айта алады.

Бейнетінің зейнетін көретін жасқа жетсе де кейіпкеріміз күн сайын ертесімен жұмысқа асығады. Қашанда жұмысына адал, ісіне мығым маманға сұраныс бар. Соның арқасында Ерғали Бәкіров әлі күнге дейін осы саланың ыстық-суығына біте қайнасып жүр. Осы жылдар ішінде еңбегі еш кетпей, түрлі марапаттарға лайық деп танылды. Атап айтар, 1977 жылы «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Ұлттық бизнес рейтингінің ұйымдастыру комитетінің шешімі бойынша «Кәсіби саладағы сіңірген еңбегі үшін» медалімен, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалауды реттеу басқармасынан алғыс хатпен марапатталды.

Жұмысының ауырлығына қарамастан мамандығына деген сүйіспеншілігі жоғары кейіпкеріміз 54 жылын осы салаға арнады. Бүгінде құрылыс саласының ардагері. Қаншама жас мамандарға жол сілтеп, ақыл-көңесін беріп жүрген білікті құрылысшы.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

СЫР СҮЛЕЙІ



ЖЫР ӘЛЕМІНІҢ ЖАМПОЗЫ

Сыр өңіріндегі жыраулар шығармашылығы – өзіндік болмыс пен рухани бейнесі айқын мәдени тармақ. Олай дейтініміз, жыраулар әдебиеті дәуір алмасқан сайын түрлену, уақыт өткен сайын кемелдену арқылы қоғамның ой-белдеріне ықпал етті. Ұлтаралық діни таным, мәдени қарым-қатынас, әлеуметтік мәселе де жырау туындысында көрініс тауып, халықтың заманауи «ой ағамын» қалыптастыруға түрткі болған еді. Осы арқылы жыраулық өнердің өзі де жаңа деңгейге көтеріліп, әр буын өткеннің ізмен тың сурлеу сала білген. Оны Сыр бойы жыраулық мектебіндегі мақам-әуездік ерекшелік пен мәтіндік ізденістен-ақ аңғару қиын емес. Әсіресе, орта ғасырға тән көмеймен орындау үлгісі Сыр еліндегі бекзат өнердің бәсін биікте

түсті. Осы орайда аймақтағы асыл мұраның мән-маңызын терең бағамдау үшін эпик-шайыр, жыраулық өнердің көрнекті өкілі Нұртуған Кенжеғұлұлының шығармашылығын саралаған жөн секілді.

Ұлт руханиятының ажырама бөлшегіне айналған жыраулық дәстүр Нұртуған ақынның бала аңсары болған-тұғын. Шайыр жастайынан өнер-білімге ден қойып, дүниені тануға, бардың болмысын ұғуға күш салды. Бұл атаның қаны мен аның сүтімен келген қасиет болса керек. Себебі Нұртуған жыраудың атасы Еспембет суырпысалма ақын болса, әкесі Кенжеғұл шебер күйші, ал анасы Айсулу шежіреші болған. Осындай текті тұқымның өкілі тегін болмай, сауатын ашқалы өлең жазуға дағдыланды.

Реті келгенде Нұртуған шайырдың туған жері мен тұрмыстық ахуалы жайлы бірер сөз айта кетейік. Ақын 19 ғасырдың соңында Сейхунның Арал теңізіне құяр тұсындағы Мырзас деген інде дүниеге келеді. Оны ақынның науқастанып жатқан шағында терең күрсініспен шығарған «Өткізбен өмір бекерге!» атты толғауынан байқауға болады. Онда:

ӨСИЕТ
Асыл ер өзін биік санамайды-ау,
Ел үшін еңбек күшін аямайды-ау.
Бір өзі білсе-дағы, білдім демес,
Сынатып көпке салып шамалайды-ау.

Серік бол шамаң келсе сондай ермен,
Тар жерде бас амандық жарамайды-ау.
Кескінін кем ақылдың қарап тұрсаң,
Көтеріп өзін тауға бағалайды-ау.

Асыл ер өзін биік санамайды-ау,
Ел үшін еңбек күшін аямайды-ау.
Бір өзі білсе-дағы, білдім демес,
Сынатып көпке салып шамалайды-ау.

Қолына опасыздың олжа түссе,
Досы мен жолдасына қарамайды-ау.
Дүниенің опасы жок, ойлан, ерлер,
Арбадай тегерімсіз домалайды-ау.

Нұртуған КЕНЖЕҒҰЛҰЛЫ

«Мен туыппын «Мырзаста»,
Сыр жылдың күзінде...
Әкем құмар ертекеке
Есіткен оны кезінде.
Жалғыз атын баптайтын,
Қу кейей еді тегінде...
Мен солардың бірімін,
Өлең жазған ертеде.
Ақырында белгілі,
Ақын болып жегілім
Жыр сүйреткен тертеге», – деп тегінен терең тартып, сөз қозғайды.

Алғашында шайыр заманының мәдени кеңістігін толтырған шығыс әдебиетіне қанығып, Фирдоуси, Науан, Низами, Ясаун секілді тұлғалардың туындыларына қызыға өскен. Ғұламалардың әсерімен шығармашылық нұсқау үлгісінде өлең жазып, түрлі форманың жетегінде жүрді. Тегдессіз туындылардың балама үлгісін жасауды мұрат етіп, жыр-дастанды өзінше мақамға салып сөйлеткен еді. Мұндай эксперимент өз-өзін ақтап қана қоймай, Нұртуған



үлгісіндегі түркі, ноғайдың танымал батырлар жыры қазақ даласында кен тарай бастады. Оның «Едіге» жыры, «Мәулімнияз-Едіге», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазы», «Қобланды» секілді эпикалық жырлары қазақ халқының өшпес мұрасына айналды үлгерді.

«СӨЗІМ ДЕ АБАЙМЕНЕН САЛМАҚТАНДЫ...»

Біз Нұртуған жыраудың шығармашылығын саралағанда оның Абай әлемімен үйлесімі, болмыс ұқсастығы турасында сөз айту жөн секілді. Себебі жырау шығыс үлгісінде қаншама нақыл-терме, толғау, тарихи дастан, тұрмыстық жыр жазғанымен, ақын шығармашылығымен танысқалы өзінің, мүмкін қазақтың да танымды Абай биігінен аласа екенін аңғарған секілді. Ұлы ақынның шығармалары қолға тиген сәттен жата-жастана оқып, кейін «Абай кітабы қолға түскенде», «Түседі Абай еске – дауыпшазым!» деген өлеңдер шығарады. Көбіне Абайдың танымды терең, әлемі белек тұлға екенін айта келе, «қазақта оған келер тең таппағаны» жырға қосады. Ұлы ақыға арнаған «Абайды оқығанда» атты кезекті туындысында:

«Қадірін Абайды оқып танығанда,
Қазақта тең таппадым осы маңда.
Бағыма Абай туды – осы зергері,
Өлеңім, ілігерсің енді санға.

Абайдан қазақ жұртта адам өтпес,
Ол – дана, жалғыз туған, естен кетпес.
Орыстың өнеріне қолын салып,
Қалдырды көп мұраны баға жетпес.
Сократтан жолды салса – Абай тыны,
Білмідер, шайыр кісі білер мұны.
Қазақта сөз асылын арқалаған
Ұлы Абай – бір ғасырдың биік шыңы.
Қолдансаң сөз асылын Абайды біл,
Өзіңше даурыққанмен қаласың құр.
Жүрекке жылы сөзді ұялатқан –
Ол мәңгі тарихтың төрінде тұр», – деп кәсіледі.

Осылайша Нұртуған жырау Абай шығармашылығының сан мың шығыс жұлдызынан бәсі биік екенін аңдап, жаңаша шығарма жазуды, өшпес із қалдыруды өзіне арман еткен. Ол мақсаттың қаншалықты орындалғанын шайыр «Түскендей бақыт құсы ұсыыма» деген өлеңінде өкінішпен білдіргендей.

«...Ұрпағым, кешір мені, оқи қойсаң,
Жетпедім ұлы Абайдың тумасына...» – дейді жырау.

Өрине, Нұртуған жырау Абайдың деңгейіне жетпедім деп налығанымен, уақыт көшіндегі өз үлесі еш тұлғадан кем емес еді. Бүгінгі буын шайырды ерек мақам қалыптастырған тұлға, «озық ойдың омарташысы» есебінде бағалайды. Тіпті Нұртуған Кенжеғұлұлының аз ғұмырда бүгіндей мектеп қалыптастырып үлгергенін өзі, парасат пайымынның көзиегінен аңғартады емес пе?!

МАҚАМ МӘЙЕГІ

Расында, «Нұртуған мектебі» ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мақам үлгісі ғана емес, қазақ руханиятының тұтас мәдени бөлшегі деуге болады. Небары 40 жылдай ғұмыр кешкен тұлға шәкірттерінің мақамның мәйегін бүзбай орындауын, жыр-дастандардың мән-маңызын

жете түсінгенін назарға алған. Тіпті ел арасында шәкірт тәрбиелеудің, жырау баулудың өзіндік үлгісін қалыптастырып, өнеге көрсете білді. Шайыр шәкірттеріне бірден көлемді шығарма тапсырмай, алдымен салт-дәстүрге байланысты «Беташар», «Тойбастар», «Мақтау» жырларын жетатқан. Содан кейін ғана қабілетіне, өз ерекшелігіне сай дастандарды табыстап отырған екен. Кейін Нұртуған Кенжеғұлұлы шәкірттеріне үлгі есепті ән-мақамның мәнін ұғындыру ниетімен «Ән туралы» деген толғау жазды. Оны жырауларға осынеттеп, айтылған ескертпені ұстануды аманаттаған. Сонда ән-мақамға қойылатын талап туралы:

«Тыңдауым, нақышпенен ән салайын,
Басымды ең салдым деп шайқаймайын.
Кетсе ауыз қатты ашылып ұят болар,
Кейде мен өзімді-өзім байқаймайын.
Желпілдеп екі тану, көз аларса,
Онда мен: «өңшімің» деп айта алмаймын.
Өзгертей пішінімді олай-бұлай,
Демімді жеткен жерден қайтарайын...», – деу арқылы жырау ән айту техникасындағы қателікті бір сүзіп шығады. Сондай-ақ өлеңде сөз бен ойдың қабысуын, ән айту әдебин де тілге тиек етеді. Міне, осылайша бар талапты өлеңге айналдырып, насихаттай білудің нәтижесі – «Нұртуған мектебінің» бүгінге дейін халық ықыласына бөленуінің сыры.

Нұртуған шығармашылық сан салалы, қазақ әдебиетінің бірнеше жанрына қомақты үлес қосқан. Оның Исатай-Махамбет туралы «Ақ кете Шернияз», жоңғар қақтастарының басқыншылығы жайында «Ақтабан шүбырынды» атты тарихи дастандары, «Алалдыққа не жетісін», «Арғымқасу көрінбес», «Аласпайды ақылды», «Әуелі сөйле, жаппар хактан», термөттолаулары, көптеген хат-өлеңдері бар.

Жалпы Нұртуған жыраудың соңында қалған мұрасы жетерлік. 40 мыңдай жол мұра қалдырған шайыр көптеген әдеби жанрда тегдессіз туынды әкелді. Қазіргі таңда жыраудың «Мәулімнияз-Едіге», «Орақ-Мамай», «Ақ кете Шернияз», «Қарасай-Қазы», «Тағаймұрат» дастандары жас жыраулардың жиі орындайтын шығармаға айналған.

P.S. Сыр сүйлерінің арасында шоктығы биік тұрған Кенжеғұлұлының мұрасы қазақ әдебиетінің алтын қазығына айналған жәдігер саналады. Сондықтан талғамай биік шайырдың шығармашылығы тек Сыр өңірінде емес, бар ұлттың бағдарына айналғаны анық.

Ерсін ШАМШАДИН

БАЙҚАУҒА!

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары дегенде еске түсер қызықты сәттер өте көп. 1996 жылы мектеп бітірдік. Ол кезде қазіргідей таңдағаныңды киетін уақыт емес. Мектеп бітіру кешіне әпкеліңді көйлегің етек-жеңің қысқартып, қайырып тігіп кидім. «Көйлекті жараса ма, жараспай ма, өзімізге шақ болып тұр ма?» дегенді ойлаған жоқпыз. Ең бастысы, бақыттымыз, қуанышымызда шек жоқ. Мен секілді сыныпта қыздар да тапқанын киіп келген шығар. Оған мән беріп жатқан жоқпыз. Алғашқы ұстазымыздың үйіне жиналып, бас қостық. Бір-бірімізге тілек айтқан, балалық шақты еске алған әдемі басқосу. Сол жылдардың сусыны қалтадағы «YUPI» еді. Кішкентай қалтадағы қызыл-жасыл «YUPI»-ді бір шелек суға салып жіберсең, сусын дайын. Біз үшін одан тәтті сусын жоқ.

Сол жылдары ауылдарда жарық жиі сөнетін. Тіпті жарық жанбайтын күндер көп десек артық емес. Түрлі сериалдардың беріле бастаған кезі. Қандай қиындықтың да шешімі табылады ғой. Қытайдың шағын телевизорын аккумуляторға қосып көретін болдық. Алайда мұндай жағдай барлық үйде жоқ. Ауылда санаулы үйде ғана. Сериал басталатын уақытта бірнеше отбасы бала-шағасымен, тіпті бесігімен телевизоры қосылу үйге қарай ағылады. Телевизоры бар үйдің иесі құдды кинотеатрдың иесіндей. Есігін айқара ашып қойып қарсы алады. Келушілер көбейген сайын қуанбаса, ренжімейді. Өзінің бүкіл ауылға тапқылық жасағанына риза. Қонақ үйдің төрінде шағын телевизор. Кино көрушілер жағалай келіп отыра қалады. Сериал кейіпкерлерінің мұңын

БІР ШЕЛЕК YUPI



өз мәселесіндей көретін, солармен бірге қуанып, бірге қайғыратын ауылдың аңғал адамдарының бар тіршілігі қызық қой. Шағын телевизордың ішіне кіріп кетердей болып біресе қуанып, біресе ашуланып отырып, сериалды ақтайды да, күнделікті күйіп тіршілігіне араласып кете береді. Бұл – күн сайын

қайталанатын көрініс. Сериал басталар уақытта көрші үйге қарай ағылған адамдар, кең құшақ үй иелері. Сондай кеңпейіл адамдар, езуіне күлкі үйіретін жылы естеліктер. Қазір ойлап қарасаныз, өзгенің төріне озбақ түгілі, қақпасына бас сұғуға именесің ғой. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтың барлығы адамдардың кеңпейілдігімен, адалдығымен, мейірімділігімен білінбеді.

Ақтоғы КӨШЕКБАЙ,
Жалағаш ауданы, Аққұм ауылы



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ

Ел ішінде «құлын ұяға, қызын қияға» қондырып, немесе-шөбересін қызықтап, шаңырағынан шаттық лебі ескен өнегелі отбасылар қатары аз емес. Көпке үлгілі, өнегелі отбасы тақырыбындағы мақаламызға арқау болған Ресалиевтер әулеті.

Бұл отбасы туралы жазғанда ең әуелі әулеттің ақ жаулықты анасынан бастағанды жөн көрдік. Ұмытхан Махамбаева – «Алтын алқа» иегері. 1942 жылы Арал ауданында балықшы отбасында дүниеге келген. 1961 жылы Ресалиев Мақсұтпен шаңырақ көтеріп, 13 баланы дүниеге әкелген.

Несібесін адал еңбектен тапқан ананың еңбек жолына үйісек, Арал теңізінің жиегінде орналасқан ауруханада 10 жыл еден жуушы болып, одан соң Қарақұм қой совхозында қой бағады. 1990 жылдан бастап өмірлік жары Мақсұтпен бірге отбасылық кәсіп бастайды. Тасбоғет кентінің орталық базарында ет сағатады. Егемен елдің еркіндігін сезініп есейген ұлдары қаладан дүкен аша бастайды. Еңсесін тіктеген отбасы үшін ең ауыр күн әкенің кенеттен дүниеден озуы еді. Құдай қосқан қосағы Мақсұт өмірден өткен соң әулеттің жауапкершілігін мойнына алған ана кәсіпке де, ұрпақ тәрбиесіне де бас көз болады.

Әкенің бағыт-бағдарымен ел аралап, төрт-түліктің төлін бордаққылау, көбейту, ет, тері шаруашылығын игеру мақсатында түбегейлі ниет қылған ұлдарының талап тілегіне Ұмытхан ана да білек сыбана кіріседі.

Өмірдің бар тауқыметін көрсете отбасының бақ-берекесін, ризық несібесін, амандық саулығын тілеген асыл аңаның дұғасы қабыл болып, балаларының кәсіби дөңгелеңі өрге басады.

Бақытты отбасы дегенде көпшілігіміздің көз алдымызға қайратты әке, мейірімді ана, баланың шат күлкісі келеді. Шынында да солай. Отбасының бақыты үшін көп нәрсенің қажеті жоқ. От-

сөзбен, неің жаман, неің жақсы екенін осы өзі өмірге келген отбасынан біліп өседі.

Ұрпаққа сана себер сәулелей әрқайсысы өз жолын таңдап, бүгінде тек білікті маман ғана емес, адами

көрген жоқпыз, – дейді ұлы Ерболат Ресалиев.

Ресалиевтер әулетінен Ерболат Ресалиев ҚР Ауылшаруашылық саралық үздігі төсбелгісімен марапатталса, қызы Нұрсауле Ресалиева филология ғылымдарының кандидаты, әулеттің келіні Күзінәш Аплатинова білім саласының «Алтынсарин» төсбелгісінің иегері. Ал Жолмырза Ресалиев ҚР «Құрметті теміржолшы» медалінің иегері, келіні Ақмарал Ноғайбаева ҚР «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері. Қызы Жанар Медицина ғылымдарының кандидаты болса, Анар Ресалиева филология ғылымдарының магистрі.

– Саққұлақ бидің «Адамның басымы – ақыл, шолушысы – ой, жетекшісі – талап, қорғаушысы – сабыр, сынаушысы – халық, таусылмайтыны – арман, ең қымбаттысы – ар сақтау, бәрінен ардақтысы – өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі – сыйластық» деген аталы сөзі бар. Осы қасиеттерді бағалай білгендер ғана үлгілі отбасы бола алады. Талай жыл өтсе де, бір-біріне деген сыйластығы үзілмеген жандар бар. Қазір жас отбасылар кішкентай қиындық түссе, көне алмай, ажырасып жатады. Менің айтарым, бәрі уақытша. Сондықтан сыйластық, түсіністік бар жерде отбасы мығым болады, – дейді бір әулеттің ұйытқысы болған Ұмытхан Махамбаева.

Ресалиевтер отбасы «Мерейлі отбасы» байқауының қалалық кезеңінде I орынға ие болды.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫ



Үш отбасы бір дүңгіршектен нәпақа тауып, тірлігін түзген соң, әрқайсысы өз алдына дүкен ашады. Одан әрі үлкен шаруа қожалығының негізін қалайды. Ұлдары Мыса, Ерболат «Ақбарыс» дүкендер желісін іске қосса, кенже ұлы Бекболат «Kzo et» шаруа қожалығын ашады. Үш баласы осылайша жеке кәсіптің қанатын кеңге жайса, өзге балалары да таңдаған мамандықтарының майталманы.

басы мүшелерінің сыйластығы, махаббаты, бір-біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігі болса жетіп жатыр.

Ата-бабамыз «Ұяда не көрсем, ұшқанда соны іледі» деп, адам өмірінде отбасы тәрбиесінің мәні мен маңызын баса айтады. Расында да, отбасы – өмірге жаңа келген сәбидің тұңғыш ұясы, алғашқы айтқанын қалт етпей орындауға ол неің ыстық, неің суық, бір

тұрғыда кемелденген азаматтар биік белестерді бағындырып отырған жайы бар.

– «Жақсы әке балаға 40 жыл азық» дегендей, әке-шешеміз еркелігімізді, қателігімізді түсініп, кешіре біліп, ақыл-кәңесін аймайды. Жақсылыққа итермелеуден жалыққан емес. Ең бастысы адал бол, шыншыл бол деп отырады. Біз әке-шешеміздің айтқанын қалт етпей орындауға дайынбыз. Өмір бойы алдын кесіп

СПОРТ

ТОКИО-2020: ҚОС БОКСШЫ ҚОРЖЫНҒА ҚОЛА САЛДЫ

Қамшыбек Токио олимпиадасында 91 келіден жоғары салмақта өнер көрсетіп, ең алғашқы жекпе-жегін мысырлық боксшы Юери Хафезға қарсы өткізді. «Ә» дегеннен-ақ басымдық көрсеткен қазақ боксшысы Египет елінің былғары қолғап шеберін жеңіп, ширек финалға өтті. Келесі кезеңде ол ресейлік Иван Верясовпен кездесіп, жеңіске жеткен болатын. Осы жеңісі арқылы ол жартылай финалға жолдама алды.

Финалға жолдама сарапқа салынған бәсеке аса тартысты өтті. Алғашқы раундта басымдық көрсеткен АҚШ боксшысы Ричард Торрезге жазылды. Ал екінші раундта қазақстандық алға ұмтылып, бірнеше соккысын доп тигізген. Шешуші үшінші раундта қолғап түйістірген екі боксшы жойқын соккылармен алмасып, нәтижесінде қазақ боксшысы жаракат алып қалды. Жаракатқа байланысты жарыс тоқтатылып, жеңіс америкалық боксшыға берілді. Осылайша, Қамшыбек Қазақстанның қоржынын тағы бір қола медальмен толықтырды.

Араға күн салмастан екінші былғары қолғап шебері Сәкен Бибосынов та жүдырықтасты. 52 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен ол жартылай финалда Ұлыбританияның боксшысы Джалал



Яфайға есе жіберді. Алғашқы раундта Сәкенге нокаундық есеп ашылса, екінші раундта қазақ спортшысы жоғары белсенділік танытты. Дегенмен раунд соңында 5 төрешінің 3-еуі ғана Сәкенге жоғары ұпай қойды. Ал шешуші үшінші раундта көзі қаракты көрермен Сәкеннің бір саты жоғары өнер көрсеткенін, бірнеше соккыны дарытқанын көрді. Дегенмен төрешілер Джалал Яфайды финалда жүдырықтасуға лайықты деп шешті.

Жалпы қазіргі кезде Қазақстан ұлттық құрамасы 5 қола медальмен 76-орынға тұрақтады. Жанкүйер үміт артқан боксшылардың шеберлігі жетпеді деуге келмейді. Шаршы алаң шеберлері ширек қимылдап, бар күшін салды. Дегенмен Қамшыбекті жаракаты, ал Сәкенді төрешілердің назары финалға жібермеді. Десе де қазақ спортшының жанкүйерлері қарағат мен велотрек спортынан медаль алатынына үміттеніп отыр. Себебі дәл осы сайыста спортшылар сәтті өнер көрсетуде.

А.НҰРАҒАЛИ

Басы 1-бетте

ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

ЕСІРТКЕ АЛҚАБЫН АНЫҚТАДЫ

Қызылорда облысы полиция департаментінің Шиеді аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері аудан аумағынан 481 түп сора анықтады.

Полицейлер жедел іздестіру шараларының нәтижесінде күдікті екі азаматты анықтады. Олар 42 және 40 жастағы облыс тұрғындары болып шықты.

Қазіргі таңда күдіктілер уақытша ұстау изоляторына қамалып, оларға қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 300-бабының 2-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Мән-жай анықталуда.

АЛТЫН БҰЙЫМДАРДЫ ҰРЛАҒАН

Қалалық емхананың бірінде алтын бұйымдардың ұрланғандығы туралы жергілікті тұрғын Қызылорда қаласы Полиция басқармасына арзылған.

Тексеру барысында жәбірленушінің жұмыс орындағы қызметтік бөлмесіне екі алтын сақинасын қалдырып кеткен. Сол күні белгісіз біреу алтын бұйымдарды жасырын ұрлап кеткен.

Жедел іздестіру шараларының нәтижесінде алтын бұйымдарды ұрлаған 56 жастағы облыс орталығының тұрғыны ұсталды. Заттай дәлелдеме ретінде екі сақина алынып, жәбірленушіге қайтарылды.



Күдіктіге қатысты ешқандай кетпеу туралы қолқат түрінде бұлтартпау шарасы қолданылды. Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабы 1-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

ҰРЛЫҚ ЖАСАҒАН АЗАМАТТЫ ҰСТАДЫ

Қызылорда қалалық полиция басқармасының қызметкерлері жеке мүлікте бірнеше рет ұрлады деген айыптан 33 жастағы қала тұрғынын ұстады. Тергеу барысында оның маусым және шілде айында төрт рет ұрлық жасағаны анықталды.

Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында күдіктінің «Samsung A31» және «Huawei» маркалы ұялы телефондарын, «Украина» және «БМВ» үлгісіндегі велосипедтерін ұрлағаны анықталған. Жәбірленушілерге келтірілген материалдық шығын 300 мың теңгеге жуық.

Қазіргі таңда ол уақытша ұстау изоляторына қамалып алынды. Дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігінің 2-тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Полицейлер оқинаның мән-жайын анықтап жатыр.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ